ABAI UNIVERSITY

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

УНИВЕРСИТЕТ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

(БАКАЛАВРИАТ, МАГИСТРАТУРА, ДОКТОРАНТУРА)

Алматы, 2025 жыл

4. УНИВЕРСИТЕТ ҒИМАРАТТАРЫ МЕН АУМАҒЫНДАҒЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1 Университеттің ғимараттары мен аумағында келесі әрекеттерге қатаң тыйым салынады:

1. Алкогольдік және спирттік ішімдіктерді (сыра, шарап, арақ және басқа да өнімдер) алып келу, сақтау және ішу, сондай-ақ алкогольдік, есірткілік немесе уытты масаң күйде болу;

2. Жарылғыш, тез тұтанғыш және улы заттарды, пиротехниканы, атыс, газды және суық қаруларды алып келу және сақтау;

3. Карта және басқа да құмар ойындарын ойнау;

4. Арнайы бөлінген орындардан (спорт алаңдарынан) тыс жерде, спорт ойындарын ойнау (тек Университет бекіткен тәртіпке сәйкес ұйымдастырылған бұқаралық спорттық ойын-сауық іс-шараларын қоспағанда);

5. Темекі шегу (соның ішінде әр түрлі электронды сигареттер), құрамында темекі бар өнімдерді (насыбай және т.б.) қолдану;

6. Дөрекі, бейәдеп сөздер айту және басқа да қоғамға жат қылықтар жасау;

7. Санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларды бұзу;

8. Қабырғаларға, аудиториялық үстелдерге және басқа да орындарға жазулар мен суреттер салу, сондай-ақ Университет әкімшілігінің рұқсатынсыз хабарландыруларды жапсыру немесе ілу;

9. Университет мүлкін бүлдіру немесе оны мақсатсыз пайдалану, тазалық пен тәртіпті бұзатын әрекеттер жасау;

10. Университеттің ғимараттарында, жатақханаларында және аумағында айқайлау, шулау, қоқыс тастау, музыкалық аспаптарда ойнау, сондай-ақ түнгі уақытта (сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін) тыныштықты бұзатын және оқу процесіне кедергі келтіретін басқа да әрекеттерді жасау;

11. Дыбыс күшейткіш және дыбыс шығаратын аппаратураны пайдалану (іс-шараларды өткізуге рұқсат етілген жағдайлардан басқа);

12. Өту жолдарын жауып тастау, адамдар мен автокөліктердің қозғалысына кедергі жасау;

13. Сабақтар мен емтихандар кезінде ұялы байланыс құралдарын пайдалану;

14. Университет басшылығының немесе материалдық жауапты тұлғалардың рұқсатынсыз жиһазды бір бөлмеден екіншісіне көшіру, жабдықтармен басқа да материалдық құндылықтарды орын ауыстыру;

15. Университет мүлкін әкімшіліктің рұқсатынсыз аудиториялардан, оқу залынан, асханадан және басқа да бөлмелерден алып шығу;

16. Университет ғимараттарында велосипед, ролик, скейтборд және басқа да осыған ұқсас көлік немесе спорт құралдарымен жүру;

17. Университеттің кез-келген бөлмелерінде және аумағында әкімшіліктің рұқсатынсыз кино, фото және бейне түсірілім жүргізу;

18. Университет аумағында арнайы белгіленбеген орындарда көлік жүргізу және автотұрақ жасау;

19. Университет әкімшілігімен келісілмеген сауда жасау және қызмет көрсету;

20. Ғимарат ішінде сырт киіммен және бас киіммен жүру;

21. Аспен және сусынмен арнайы бөлінген орындардан (асхана, буфет және т.б.) тыс жерде тамақтану;

22. Әлеуметтік желілерде, WhatsApp, Telegram, Facebook, TikTok және басқа да плат-

формаларда өзге адамдардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе Университеттің беделіне нұқсан келтіретін шындыққа жанаспайтын фото-бейне ақпарат тарату, және негізсіз тікелей эфир жүргізу, бейне камераға түсіру;

23. Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін, сондай-ақ қоғамдық мораль мен әдепке сай келмейтін әрекеттер жасау;

24. Нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік араздық пен өшпенділікті насихаттау, милитаристік және жалпыға ортақ халықаралық құқық пен гуманизм қағидаттарына қайшы келетін идеяларды тарату;

25. Рұқсат етілмеген митингілер мен басқа да тиым салынған қоғамдық-саяси іс-шараларды ұйымдастыру немесе оларға қатысу;

26. Профессор-оқытушылар құрамына (ПОҚ), қызметкерлерге және білім алушыларға қатысты балағат сөз айту, қорлау, ар-намысы мен қадір-қасиетін таптау, харасменттік ерсі қылық көрсету;

27. Профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлерге және білім алушыларға қатысты физикалық, моральдық және психологиялық зорлық көрсету;

28. Төбелес жасау, сабақ процесіне кедергі келтіру;

29. Құжаттар мен қолтаңбаларды қолдан жасау, сондай-ақ оларды жасауға немесе таратылуына қатысу;

30. Басқа білім алушының орнына емтихан немесе өзге де оқу үлгерімін бақылау түрлерін тапсыру;

31. Оқу процесін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға байланысты жалған құжаттар мен көрінеу жалған мәліметтер ұсыну;

32. Қаржылық ұйымды (қаржылық пирамида) құруға, басқаруға, оған қатысуға немесе оның құрылымдық бөлімшесіне жетекшілік етуге, сондай-ақ табыс (мүліктік пайда) табу мақсатында ақша немесе өзге де мүлікті тартуға бағытталған қызметті жүзеге асыруға және өзге білім алушыларды мұндай күмәнді қаржылық ұйымдарға қатысуға тартуға жол берілмейді.

5. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1 Білім алушы Университет мүлкіне, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және (немесе) жасалған шартқа сәйкес Университет жауап беретін үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтірген жағдайда, келтірілген шығынды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен, ерікті түрде немесе сот шешімі негізінде толығымен өтеуге міндетті.

5.2 Университет пен білім алушы арасындағы білім беру қызметтерін көрсету шартының бұзылуы залал келтірілгеннен кейін, білім алушыны Университетке келтірілген залалды өтеу жөніндегі материалдық жауапкершіліктен босатпайды.

5.3 Білім алушының материалдық жауапкершілігі, оның кінәсінен болған құқыққа қайшы әрекетінің (әрекет немесе әрекетсіздік) және келтірілген залал арасындағы себеп-салдарлық байланыстың нәтижесінде туындайды, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе.

5.4 Университетке келтірілген залалдың алдын алу мүмкін болмаған (мысалы, су тасқыны, дауыл және т.б.) немесе аса қажеттілік жағдайында туындаған болса, білім алушының материалдық жауапкершілігі жойылады.

5.5 Білім алушылардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, жасалған шарттар мен келісімдерді, осы Ережелерді, және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын білмеуі, оларды Университетке келтірілген залалды өтеу жөніндегі жауапкершіліктен босатпайды.

6. УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Университеттегі барлық білім алушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Университет Жарғысында, ішкі нормативтік құжаттарында және білім беру қызметтерін көрсету шарттарында өзгеше көзделмесе, тең құқықтарға және міндеттерге ие.

6.2 Оқудың түрі мен нысанына қарамастан, әрбір білім алушы келесі құқықтарға ие:

1. Осы Ережелермен және Университет қызметін реттейтін басқа да ішкі нормативтік құжаттармен танысуға;

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін түрде, Университеттің ішкі құжаттарында көзделген нысандар бойынша басқару процесіне қатысуға;

3. Университеттің спорт, акт, оқу залдарын және кітапханасын тегін пайдалануға;

4. Өмірі мен денсаулығын қорғауға, жеке басының қадір-қасиетіне құрметпен қаралуына, кез-келген физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтан қорғалуына;

5. Оқу, ғылыми және шығармашылық жетістіктері үшін көтермелеуге;

6. Ар-ождан, ақпарат еркіндігіне, өз көзқарасы мен сенімін еркін білдіруге;

7. Өзінің шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытуға, конкурстарға, олимпиадаларға, көрмелерге, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларға қатысуға;

8. Өзінің білім беру, ғылыми және шығармашылық қызметінің нәтижелеріне объективті баға алуға;

9. Білім, білік және дағды деңгейін бағалау нәтижелері, сондай-ақ бағалау критерийлері туралы толық және нақты ақпарат алуға;

10. Университеттің оқу үдерісін ұйымдастыруға және білім алушылар мүддесіне қатысты кез-келген мәселелер бойынша ұсыныс, өтініш, шағыммен Университет басшылығына жүгінуге, алдымен институт/факультет деканына немесе магистратура және докторантура бөліміне хабарлауы тиіс.

6.3 Оқудың түрі мен нысанына қарамастан әрбір білім алушы міндетті:

1. Университетте белгіленген рұқсат режимін сақтау, өзге тұлғаларға кіру құқығын беретін құжаттарды бермеу және басқа тұлғаның құжатын пайдаланбау;

2. Жеке құжаттарына (ID-карта және т.б.) ұқыпты қарап, жоғалған жағдайда бірден факультет/институт деканына хабарлап, ID картаны қалпына келтіру үшін цифрландыру департаментіне жүгіну;

3. Университеттің профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлеріне және басқа білім алушыларға құрметпен қарау;

4. Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария және жеке гигиена ережелерін сақтау;

5. Тәртіпті болу, Университеттің оқу ғимараттарында, зертханаларында, жатақханаларында және ортақ пайдаланудағы орындарда тазалық пен тәртіпті сақтау;

6. Оқу және басқа мақсаттарға пайдалануға берілген Университет мүлкіне және материалдық құндылықтарына ұқыппен қарап, оларды жоғалтпауға және бүлдірмеуге;

7. Тұрғылықты мекен-жайы, телефон нөмірі және басқа да деректер өзгерген жағдайда дереу факультет/институт деканатына хабарлау;

8. Деканат немесе бөлім басшылығы шақырған кезде бірден келуге;

9. Оқу платформасында тіркеліп, дербес деректерін жүйелі түрде жаңартып отыруға;

10. Уақыт есебін жүргізу жүйесіне және басқа да тиісті жүйелерге тіркелуге;

11. Сырт киімін гардеробқа өткізуге;

12. Университет әкімшілігіне сыбайлас жемқорлықпен өзге де құқыққа қарсы әрекеттер туралы бірден хабарлауға;

13. Ұқыпты болуға, іскерлік киім стилін ұстануға және сыпайы мінез құлық көрсетуге;

14. Білім алушылар, оқытушылар және өзге тұлғалар туралы, сондай-ақ оқу процесі туралы алған ақпаратты жария етпеуге және тарат-пауға.

6.4 Білім алушылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Университет Жарғысында, білім беру қызметтерін көрсету шарты мен осы Ережелерде және басқа да ішкі нормативтік құжаттарда көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерге ие.

7. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ІШКІ ТӘРТІБІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1 Дисциплинарлық жазаны қолдану құқығы мен шарасын таңдауды Университет студенттерінің тәртіптік теріс қылықтарын қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия жүзеге асырады. Бұл комиссия Басқарма Төрағасы – Ректордың немесе уәкілетті тұлғаның бұйрығымен құрылады.

7.2 Университетте студент тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін келесі тәртіптік жазалар қолданылады:

• ескерту;

• сөгіс (тәртіп бұзудың ауырлығына қарай - қатаң сөгіс);

• Оқудан шығару.

7.3 Оқудан шығару – студентке қолданылатын ең қатаң тәртіптік жаза болып табылады.

7.4 Университеттен шығару тәртіптік жаза шарасы ретінде студентке ішкі тәртіпті бір рет өрескел бұзғаны немесе жүйелі түрде бұзғаны үшін қолданылады.

ULAĠAT
baspasy